

Мектепке дейінгі мекемелер арасында дене шынықтыру мұғалімдері мен әдіскерлерінің арасында «Балабақшада дене тәрбиесі сабағында оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары» тақырыбындағы облыстық әдістемелік семинарды өткізу есебі

30-31.01.2020ж

Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының жоспарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мен дене шынықтыру нұсқаушылары арасында «Балабақшада дене тәрбиесі сабағында оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары» тақырыбында облыстық оқу – әдістемелік семинары өткізілді. Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының директоры міндетін атқарушы С.Махамбетова сөз сөйлеп, жұмыстарына сәттілік, шығармашылық табыс тіледі.

Семинарға Атырау облысының қала, аудандарынан білім бөлімінің балабақша әдіскерлері мен дене нұсқаушылары қатысты. Қатысқандар саны -67. Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дене тәрбиесі пәнінің бас жаттықтырушысы, семинардың модераторы Ғабитова Алтын дені сау ұрпақ тәрбиелеп өсіру, әрбір дене шықтыру мамандарының міндеті. Сондықтан, кез-келген ата-ана, ұстаз сәбидің дене саулығына – дұрыс өсіп дамуына, психикалық саулығына – ақыл-ойының дұрыс жетілуіне назар аударып, қадағалап отыру керек. Адамның денсаулығы бала күнінен қалыптасады. Денсаулықты қаншалықты сақтап, шынықтырса, ол соншалықты мықты болады. Сондықтан бүгінгі семинарымыздың тақырыбы «Балабақшада дене тәрбиесі сабағында оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары». екі күн өткен семинарда таңдаулы дене тәрбиесі нұсқаушылары өз тәжірибелерімен бөлісіп, біліктіліктерін көрсетеді, және семинардың мақсатымен, міндетімен, бағдарламасымен таныстырады.

Атырау қаласы, «Көркем-ай» бөбекжай – бақшасының директоры Конаева Гүлбану «Асық-халықтық тәрбие» баяндамасында асық ойындарын жаңғыртып қана қоймай, жаңа бағытта жүзеге асыру- өткен тарихымызға сыни көзбен қарап, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерімізді қайтадан түлету болып саналады. Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды дамытуға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді. Сондықтан жаңа мазмұнды дидактикалық және қимылды ойындар, шынықтыру жаттығуларын құрастырып, оқыту барысында элементтерін қолданамыз. Мәселен, балабақша тәрбиешілері асық арқылы

санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды орындау, асықпен жасалған қызықты жаттығулар арқылы санау, бала танымына қоршаған әлем заңдылықтары мен оқиғаларын қызықты түрде жеткізуге тырысады. Олардың айтуынша, асық ату ойындары арқылы көз мергендігі мен дене қозғалыстарын дамытуға, асықтан құрастырылған инновациялық дәстүрлі тақтайшалар мен массажды қолғаптар арқылы бала денсаулығын мен физиологиялық өсуін дамытуға болады. Яғни, асық терапиясы көп нұсқалы болуымен де ерекшеленеді. Сондай-ақ құмның ішіне түрлі түсті асықтар жасырылады. Ішіне жасырылған ерекше алтын асықты балалар жылдам тауып алуы тиіс. Және оны тапқанға дейін, қолына түскен асықты сипап сезу арқылы таба отырып, түсін ажыратуға қызығушылықпен жұмыстанады. Бұл тапсырма балалардан ұқыптылық пен мұқияттылықты талап етеді. Барлық жастағы топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшандыққа үйренеді. Асықтан құралған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың бұлшық еттері қатаяды, қабілеті артады. Табандағы жүйке нүктелеріне әсер ету арқылы ойлау қабілетінің дамуына, жалпақтабанның алдын алуға болады. Қан айналымын жақсартады. Баланы сергек, көңіл – күйінің көтеріңкі болуына ықпал етеді. Нұсқалылығына келетін болсақ, "Алтын сақа" жаңаша ойыны тақпақпен бастап қана қоймай, жүгіре жүріп, алтын асықтарды шапшаң ұстауға тырысады және неғұрлым көбірек ұстауға тырысып, бәсекелестікті тудырып, әрбір ұстаған сақасын санау арқылы, санауға үйренеді. Бұл ойын педагогтың ұйымдастыруымен, балаларды достыққа, ұйымшылдыққа да тәрбиелейді.

Асық ойындарын "Таным", "Сауат ашу", "Шығармашылық", "Денсаулық" білім салаларында және күн тәртібі бойынша ойын әрекеттерінде элементтерін жаңаша мазмұнда қолданып отырмыз деп іс-тәжірибесімен бөлісті. Атырау қаласы, «Көркем-ай» бөбекжай – бақшасының дене нұсқаушысы Амантаева Лунара «Асық ойындарын денсаулық білім саласында қолдану» тақырыбында ересек жастағы балалармен дене тәрбиесі сабағын өткізіп, сабағында асық ойындарын қолданып өз тәжірибесін әріптестерімен бөлісті. №16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасының нұсқаушысы С.Запрометова Балабақшадағы дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі өз баяндауында балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дене тәрбиесі сабағының өзгеріп отыратынын, жаттығулар мен ойындардың күрделене түсуімен ерекшеленетіні туралы, және мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайту барысында, ойын- сауық шараларын ұйымдастыру жоспарымен таныстырып, тәжірибесімен бөлісті. Исатай ауданы "Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының дене нұсқаушысы А.Хайруллина «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда өтпелі тақырыптар бойынша «Перспективалық жоспар құру» екінші кіші топтардан

бастап, ортаңғы топ, ересек топ балаларына арналған жоспар үлгілерін көрсетіп өз жұмысымен таныстырда отырып тәжірибесімен алмасты. Исатай ауданы «Балдырған» бөбекжай-бақшасының дене нұсқаушысы Сапарова Сандуғаш балабақшадағы дене тәрбиесі нұсқаушысының апталық циклограмма құру жоспарын таныстырып, тәжірибесін бөлісті. Махамбет ауданы «Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы Н.Бердекеева мектеп жасына дейінгі балалардың сауықтыру іс-шара жоспарымен таныстырып, өз тәжірибесімен алмасты.

Атырау қаласы, «Көркем-ай» бөбекжай – бақшасының дене нұсқаушысы Амантаева Лунара практикалық сабақтарында асықтарды қолдану арқылы сабақ өткізудің ерекшеліктерімен бөлісті. «Асық ату, бес тас, алтын асық, табан іздері, массаж жолдары, массажер, эстафета» ойындары семинарға қатысушылардың қызығушылығын оятты. Атырау қаласы «Жас батыр» бөбекжай-бақшасының дене нұсқаушысы Б.Утегенова «Дені саудың-жаны сау» ашық сабақ (Утегенова) Атырау қаласы № 16 бөбекжай-бақшасының дене нұсқаушысы Р.Нығметқызы «Қыс қызығы» ашық сабақ құрылымын педагогтер қатысушы қонақтармен өткізді.

Семинар соңында қатысушы қонақтар өз ризашылықтарын білдірді. Семинарға қатысушылар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының сертификаттарымен марапатталды.

Дайындаған: Ғабитова А



























